



ВОHNENKAMP КЕПІЛДІКТІ МІНДЕТТЕРІ

Bohnenkamp компаниясы онымен барлық жеткізілетін шиналарға және де шиналар мен доңғалақтардың жиынтықтылауы үшін – жүріс камералары, тоғын ленталары, вентильдер және тағы басқалар, сонымен қатар доңғалақтар және шиналармен жиынтықтағы доңғалақтар үшін арналған басқа да резеңке-техникалық бұйымдарға ережелері осы міндеттемелерге кірген дайындаушылардың кепілдікті қағидалары шектеусіз таралады.

Көлік құралын шиналарға, жүктемелерге, қозғалыс жылдамдығына қатысы бар ұйғарымдарға қатысты қағидаларды сақтау жағдайында (пайдалану жөніндегі нұсқаулық, оператордың нұсқаулығы және т.с.с), сонымен қатар механикалық зақымдар және жөндеудің іздері болмаған кезде, аталған көлік құралында қолданылатын шиналардың санатына таралатын нормативтік-техникалық құжаттарда қарастырылған, шиналарды пайдалану, тасымалдау және сақтау қағидаларын сақтау жағдайында мыналарға кепілдік беріледі:

- шиналардың, резеңке-техникалық бұйымдардың және доңғалақтардың ETRTO, TRA, MEMCT стандартының талаптарына және дайындаушымен мәлімделген техникалық параметрлерге сәйкестік;
- аталған көлік құралында қолданылатын шиналардың санатына таралатын, егер де бұл шиналар міндетті сәйкестендіруге жататын болса, шиналардың БҰҰ ЕЭК Қағидаларына және (немесе) КО Директиваларына, РФ Техникалық Регламенттеріне сәйкестік;
- шинаның пайдаланудың барлық мерзіміне өндірістік ақаулықтардың болмауы.

Пайдалану мерзімінің аяқталуы протектор суретінің толықтозуы кезінде басталады. Протектортолық тайтозған деп саналады, егер де протекторда арнайы таңбаланған жерлерде өлшенген оның суретінің тереңдігі 0 мм жеткен кезде, немесе протектордың аймағында қақпаның жіптері немесе сымдары жалаңашталған кезде.

Егер шинаның толық тозуы орны алмаса, онда пайдаланудың максималды мерзімі шина өндірілген күннен кейін 5 жылды құрайды, егер де көлік құралында қолданылатын шиналардың санатына таралатын нормативтік-техникалық құжаттарда өзгеше қарастырылмаса. Өндірілген күннің таңбаламасы шинаның бүйір жағында орналасады, ол зауыттық нөмірдің таңбаламасымен және шинаның DOT кодымен қосарлануы мүмкін.

Пайдалану кезінде шиналардың табиғи тозуы өндірістік ақаулық деп қаралуы мүмкін емес.

Ақаулық пайда болған жағдайда Bohnenkamp өкілдігіне тауардың сапасын тексеру үшін (техникалық сараптама) мыналарды ұсыну қажет:

1. Жиынтықта ақаулы шина бар доңғалақ.
2. Толтырылған наразылық өтініші (www.bohnenkamp-russia.ru сайтында қолжетімді).
3. Сатып алуды немесе жеткізуді растайтын құжат (жүкқұжат, чек, келісімшарт және т.б.).

Ерекше жағдаларда, объективті себептер бойынша шиналарды 1-тармаққа сәйкес ұсыну мүмкін болмаған кезде, тараптардың екеуінің келісімі кезінде, тауардың сапасын тексеру (техникалық сараптама) фотосуреттер немесе ақпараттың басқа да тасығыштары негізінде қашықтықтан жүргізілуі мүмкін. Фотосуреттер анық және түс жіберуде бұрмалаусыз болуы тиіс. Әрбір нақты жағдай үшін қажетті фотосуреттердің тізбесін тексеруді (сараптаманы) жүргізетін тұлға айқындайды.

Зауыттық ақаулықтар немесе техникалық талаптарға сәйкессіздік анықталған кезде Bohnenkamp компаниясы ақаулы бұйымның немесе жиынтықтың немесе құрастыру бірлігінің құрамына кіретін ақаулы толымдаушы бөлшектің дереу ауыстыруына кепілдік беруі тиіс. Ауыстыру үшін тап сондай немесе бағасы және пайдаланушылық қасиеттері бойынша баламалы бұйым болмаған кезде тауардың толық немесе пайдаланылмаған құны қайтарылады.

Егер де ақаулық пайда болғанға дейін шина сәтті пайдаланылса, протектор суретінің қалдық тереңдігі бойынша есептелетін пайдаланылмаған құнының өтемақысы қолданылуы мүмкін.

Кепілдік тек қана тікелей жеткізілетін өнімге таралады. Шиналар мен доңғалақтардың монтажі үшін, бос тұрғаны үшін, көлік құралын тасымалдау мен жөндеу үшін, ақаулы өнімді жеткізу және оны ауыстыру үшін, үшінші тарапқа техникалық сараптаманы төлеу, медициналық шығыстар, заңгерлік шығыстар және т.б. сияқты жанама шығындардың барлық түрлері осы кепілдікті міндеттемелердің әсеріне түспейді.

Шина ақаулығының сипатын анықтау үшін тауардың сапасын тексеру (техникалық сараптама) Bohnenkamp компаниясының Шина өнеркәсібінің ғылыми-зерттеу институтында, «Шина-Тезис» Ғылыми-Консультациялық орталығында оқытудан өткен және де олардың аталған қызмет түрін жүргізу үшін құзыреттілігін растайтын өзге де құжаттары бар мамандарымен жүргізіледі.

Bohnenkamp компаниясы осы міндеттемелерге алдын ала хабарлаусыз өзгерістерді енгізу құқығын өзінде сақтап қалады.